

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

4. Г. Мамырбекова. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы. 2017. – 658 б.
5. <https://tilalemi.kz/article/885?ysclid=lfwl0hln95520417317//28.03.2023>.
6. Назарбаев Н. Еуразия жүрегінде. – Алматы: Атамұра, 2005. – 192 б.

ӘОЖ 659.3

## **THE STORY OF ONE SKY: ДИМАШТЫҢ ӘНІНДЕ КӨТЕРІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР**

**Ералықызы Алинұра**

[alinura.01@mail.ru](mailto:alinura.01@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
«Қоғаммен байланыс» мамандығының 1- курс магистранты  
Астана, Қазақстан

**Ғылыми жетекші – Дүйсенғазы С.М.**

*«Музыка туралы тек музыкатанушылар жазсын» деген ереже бар болса, мен ол ережеден кешірім сұраймын [1]!*

Адамзаттың тамыры тереңге жайылған тарихында дуальды дүниелердің қақтығысуы үнемі кездеседі. Соның өзектілерінің бірі – соғыс пен бейбітшілік.

Зерттеу нысаны ретінде таңдалған бейнеклип бірнеше бөлімнен тұрады. 12 минутқа созылған бейне қысқаметражды фильм іспеттес. Бірінші бөлімі – балалық шақ. Осындай күндердің бірінде басты кейіпкер суға батып бара жатқанында досы оны құтқарып қалады. Жалпы екі ұл бала мен бір қыздың достығы мен бұлтсыз аспанды балалық шағы көрсетілген. Байқағанымыздай, жастары кіші болса да басты кейіпкер мен оның досының арасындағы бәсекелестік осы кезеңнен басталған-ды. Себебі – екеуі де бір қызды ұнатады [2].

Осы сәтте екі ер баланың дуальдығын байқаймыз. Дуализм дегеніміз – латын тілінен dualis – қосарлану. Яки, екі кереғар дүниенің бір арнада тоғысуы бар. Мәселен, кейіпкерлердің достықтары бір арна болса, олардың жеке өмірі мен психологиялық жай-күйі – екі бөлек әлем. Мұның дәлелі бірінші бөлімнің соңында байқағанымыздай, кейіпкердің досы психологиялық тұрақсыздықты сезеді. Сондай-ақ, сол соққыны балалық шақтан болашаққа, яғни тоталитарлық қоғам мен күрес уақытына өзімен бірге алып жүреді.

Уақыт өте президент атанған антагонист соғыстың идеясын «құтқару» деп береді. Нақтылап айтсақ, «Бейбітшілікті қаласаң, соғысқа дайындал» сынды латын нақыл сөзіндей ұранды ұстанады.

Мәселен, танымал мәдениеттің қазіргі қоғам өміріне әсері, біздің оған деген көзқарасымызға қарамастан, оны асыра бағалау қиын, дегенмен ұзақ уақыт бойы ғылым салаларының біршамасы, оның ішінде қоғаммен байланыс бұл тақырыпты зерттеген жоқ [3].

Бір қызығы, тақырыпқа арқау болған протестанттық теология проблематика мен бұқаралық мәдениетті зерттеуге жол ашты [3].

Президент өз сөзінде жоғарыда атап өткендей, дуальды пікір білдіреді:

«Тек соғыс бізді бейбітшілікке алып келеді. Жүректегі махаббатты тек мықтылар таба алады. Үйлерінің терезесі тең әлемге бостандықты сыйлау үшін мықты болуымыз керек. Жаңа өмірді бастауға кімде-кім дайын болса, біз ертіп жүреміз. Егер бізге қарсы болса, оларға орын жоқ. Мен тәуелсіз болуды таңдаймын. Әлем мен үшін ашық, мен оны сіздерге ашуға дайынмын. Адамдар үшін болған соғыс – бірлікке бастар жол» [2].

Басты кейіпкер де бейбіт өмірді көздейді. Тек оның досымен айырмашылығы бірі – соғыс арқылы көрсе, енді бірі – мейірім мен махаббат призмасымен көреді. Ол да дәл қазір қанға ұшырған соғыстың сарбаздарының бірі. Бойын билеген қорқынышты жеңіп, әйелі мен қызын құтқаруды мақсат етеді. Әйелі – сол балалық шақтағы кішкентай қыз.

Үйіне қайтып келгенінде, дүние салған адамдардың көлемінен қарап есеңгіреген ол, отбасынан да айырылды деген ой түйеді. Басты кейіпкердің ендігі мақсаты – кек алу.

Алайда, кейіпкердің әйелі тірі. Фэлсафа бойынша, ол дүниеге әлемді құтқарып қалатын, елден ерек баланы дүниеге алып келуі керек. Бұл жерде кездесетін психологиялық параллелизмнің көрінісі бар. Ол дегеніміз – грек тілінен *parallelismos* > *parallelos* – симметрия, яғни бір-біріне ұқсас құрылымды сөйлемдер мен сөз тіркестерінің, формалас сөйлем мүшелерінің қатар қолданылуы: көбіне екі дүние ұқсастырып, салыстыруға негізделеді [4]. Ал бұл жерде дүниеге келетін бала – ол бірлік үшін бірлескен түрлі ұлт өкілдері мен конфессия [2].

Бейнебаянның үшінші бөлімінде діни өкілдердің бірігіп, бас кейіпкердің ұлының дүниеге алып келуін көрсетеді. Бұл тараптағы символдық бейне – сәби. Нәрестенің – барлық адамзаттың болашаққа деген үміті мен сенімі.

Бейнеклиптің режиссері Алина Верипяның түсіндірмесі бойынша, бейнебаян соғыс жайында емес, бейбіт өмір жайында. Клипте таспаланған сюжеттегі соғыс – тек адамдардың адамшылықтан безіп, махаббатты жоғалтқандығын көрсетпек болған тек қана контраст.

*«...Learn to share again  
Learn to share again the love, not shares  
Learn to live again  
We have passed the moment of “Imagine”  
World is the feast –  
Do we have to starve?  
Time is up  
It's time to save  
To save the Earth,  
The Earth...»* [6], - дейді әннің мәтінінде.

Жалпы, бейнебаян халықтың назарына ұсынылған, кейін мониторинг жүргізу арқылы, пікірлер сарапталды. Пікірлердің көпшілік бөлігі Димаштың дауысының ерекшелігін сөз етсе, бейнебаянның астарында жатқан қылдай дүниені таба білгендер де болды. Мәселен, бір пікірде бейнебаянның екінші атауы «Жаһанның зары» деп көрсеткен.

Аталған әнді Димаш I Орта Азия медиа форумында тағы бір мәрте таныстырды. Бір сөзінде ол: ««Жаман ұлт деген түсінік жоқ. Нашар мемлекет басшылары бар. Мұны мойындау керек. Біз нәсілге, ұлтқа, дінге бөлінеміз. Бірақ бәріміз жер ананың баласы екенімізді ұмытпауымыз керек. Біз бір күннің, бір аспанның перзентіміз», - деп атап өткен болатын [6].

Соғыс – тауды жер ететін, жерді жоқ ететін күйретуші күш. Адамзаттың «адам» шегінен асып, билік, мансап үшін шексіздің шұғыласын бір-ақ сәтте жоқ қылатын сұм дүние. PR ілімінде танылған Маслоу пирамидасының бір баспалдағындай, адам эгосына әкеліп соғады. Әйелде сөзбен шешілетін дүниені ашуға бой алдырып, біраз адамның тағдырын жалмайтын, қайтарусыз іс-әрекеттерге алып келетін өзіміз. Сол мәселеде тек күрестің ғана емес, адам тағдыры, азғындық, жоқшылық, қызғаныш сынды көптеген әлеуметтік мәселенің жатқаны тағы бар. Біршама ескірген кезде, көптеген автор үшін жалпы тонға айналған күнделікті сыни талдау түрі мақаланың зерделуіне себеп болмақ [5].

Әлемнің ұлы – Димаштың аталған «Бір аспан тарихы» әніне ортақ анализ жасап, оның шығармашылығындағы әлеуметтік-шартты мотивтер шығармашылық қашан да адамзат тарихындағы өзекті дүниелермен тікелей байланысты болатындығын айқындап берді. Өнге негіз болған - махаббат сынды ұлы күштің жоғалып, сезімнің сөнуіне, адам

сеніміне түскен селкеу мен достық пен қастықтың ұштасуы, қарым-қатынас, соғыстың соққысы, әлеуметтік-экономикалық қиыншылық, тіпті бір ғана пенденің өз бойындағы конфликт. Димаштың азаматтық позициясы мен қоса шығармашылық тұлға ретіндегі жұмысы – бейнебаянға назар салған көрермендер мен әнді тыңдаған тыңдарман бойында қоғам және басқа да елдердің өкілдерінің қоғамды адамдардың бірлігі ретінде түсінуіне, зорлық-зомбылықты мойындамауға және барлық адамдарды тең дәрежеде құрметтеуді қалыптастырады. «Бір аспан тарихы» - халыққа әлеуметтік жақындықты көрсетті. Сондай-ақ әлеуметтік әділетсіздікке наразылық жайлы ой туғызып, гуманизм мен барлық зорлық-зомбылықтан бас тарту идеяларына алып келді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Тұржан О. Димаш. Эссе. – Астана: Гласир, 2017. – 268 бет.
2. [https://baigenews.kz/istoriya-odnogo-neba-vyshel-novyy-klip-dimasha-kudaybergena\\_139073/](https://baigenews.kz/istoriya-odnogo-neba-vyshel-novyy-klip-dimasha-kudaybergena_139073/)
3. Михельсон О.К. От антогонизма к сотрудничеству: популярная культура в зеркале протестантской теологии // Вестник ПСТГУ. Серия 1: Богословие. Философия. 2014. №51 (1). С. 121-130.
4. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі – Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005 жыл.
5. Димаш Құдайбергенов – The Story of One Sky
6. [https://baigenews.kz/istoriya-odnogo-neba-vyshel-novyy-klip-dimasha-kudaybergena\\_139073/](https://baigenews.kz/istoriya-odnogo-neba-vyshel-novyy-klip-dimasha-kudaybergena_139073/)

ӘОЖ 659.3

### **АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА «ЖҰМСАҚ КҮШ» КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ**

**Болат Жумаділ**

[Volatzhumadil@mail.ru](mailto:Volatzhumadil@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану факультетінің докторанты, Астана, Қазақстан

**Ғылыми жетекшісі – Бауыржан Омаров, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор**

Мемлекет ықпалының жаңа теориясының идеясы күш қолданусыз - мәдениеттің көмегімен және өнер, құндылықтар жүйесін насихаттау - 1970 жылдардың соңында пайда болды. «Жұмсақ күш» ұғымының авторы, АҚШ университетінің профессоры Джозеф Най, одақтастардың мәжбүрлеу көмегімен емес ерікті қатысуы негізінде қалаған жетістікке қол жеткізу қабілеті ретінде анықтама берген. "Жұмсақ күш" ұғымы арқылы мемлекетке жолдауын іске асыру және басқа мемлекетке ортақ стандарт пен сана-сезімді ұстануға шақыруға негізделуі мүмкін, бұл ретте даулы мәселелерді шешу басқа мемлекеттер үшін қолайлы болуы қажет. Кейде басқалардың артықшылықтарын қалыптастыру ресурстарды пайдалану жолымен, әдетте «қатаң күшке»: мықты қарулы күштердің мемлекеттің тартымдылық факторы болып есептеледі. Өзінің кезекті дәлелі ретінде, экономикалық даму мен халықтың әл-ауқатының табысты үлгісін ынтымақтастығы арқылы өмір салтын арттырудың тілектері мен ұмтылыстарын қалыптастыруға бағытталды [1].

«Жұмсақ күш» ресурсын анықтау маңызды болып табылады. Негізгі ресурстары - мәдени әлеует, идеологиялық құндылықтар, мемлекеттің рәміздері, қоғамдық құндылықтар және мінез-құлық стандарттары [2]. Іске асыру кезінде мемлекеттер басшылыққа алатын белгілі бір құндылықтардың, мінез-құлық қағидалары мен нормаларының экспорты ішкі, сондай-ақ сыртқы саясатты іске асыру, жалпыға бірдей